

Л.А.Темирбекова, М.Б.Садуакасова, М.С.Бердиходжаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: marhabat77@mail.ru)*

Салық салу объектісі ретіндегі жеке табыс салығы

Мақалада Қазақстан Республикасы мен шетел тәжірибесі бойынша жеке табыс салығының негізгі мәселелері қарастырылды. Қазақстан мен шетелдерде жеке табыс салығын есептеу айырмашылықтары зерттелді. Жеке тұлғалардың табысына салынатын салық корпорациялық табыс салығы мен қосылған құн салығымен қатар, мемлекеттік бюджетті қалыптастырудың басты көздерінің бірі болады. Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықтың мөлшерлемелерінің өзгеру тарихы тәуелсіздік алған жылдан бастап зерттелді. Жеке тұлғаның салық агентінен алған, төлем көзінен салық салынатын табыстың құрамы Қазақстан Республикасының қолданыстағы Салық кодексіне қатысты келтірілген. Кодекске сәйкес жеке табыс салығының салық салу объектілері анықталған. Еліміздің мемлекеттік бюджетке түсетін салықтардың құрамы мен динамикасы Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде талданып, қорытындылар жасалды. Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықты есептеу бірқатар жылдарда өзгеріп отырды. Жеке табыс салығын есептеуге ең төменгі жалақының өзгеруі тікелей әсер етеді. Мақалада соңғы жылдардағы Қазақстандағы ең төменгі жалақының өзгеруі келтірілген. Қазақстандағы жеке салық салу сұрағындағы тәжірибеде табыстарды шегеруді жеткілікті қолданбау күрделі мәселелердің бірі болып табылады.

Кілт сөздер: салық салу, жеке табыс салығы, шегерімдер, ең төменгі жалақы, жеке тұлғалардың табысы, үдемелі көрсеткіштер, мемлекеттік бюджет, әлеуметтік аударымдар, салықтық тәртіп.

Салықтар мемлекеттік бюджеттің негізгі кірісі бола тұра, қоғамдағы әр түрлі салалардағы мәселелерді реттеуші тұтқа болып табылады. Қазақстан Республикасының салық жүйесі жиырма жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеуде және де осы уақытқа дейін қатаң сынаудың нысаны болып келеді. Еліміздің жеке салық қызметінің құрылғанынан бастап жиырма жыл ішінде біздің тәуелсіз мемлекетіміздің салық жүйесін қалыптастырып және оның әрі қарай дамуына сәйкес салықтық әкімшілікті жүргізу арқылы көптеген жұмыстар атқарылды және атқарылып жатыр.

Салық салу мемлекет қаржысын және табысты толықтыруды реттеу әдісі болып саналады, яғни мемлекет салық салу үдерісі арқылы өз қажеттіліктерін қанағаттандырады. Сонымен қатар салық салу кәсіпорындар, азаматтар және мемлекеттер арасында табыстарды үлестіру әдісі ретінде қолданылады.

Мемлекеттің басты міндеттерінің бірі салық салуды нақты және сауатты басқару болып табылады, өйткені елдің салық саясатының тиімділігі берілген үдерісті ұйымдастыру деңгейіне байланысты. Салықтар өндіру – мемлекеттің ежелгі қызметі және қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуы жолында жетілуінің негізгі шарттары.

Адамзат тарихында әлі бірде бір мемлекет салықсыз болған жоқ, өйткені қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша өзінің қызметтерін атқару үшін оған салықты өндіру арқылы ғана жиналуы мүмкін белгілі бір ақша қаражаттары талап етіледі.

Қазіргі таңда салықтық құқық саласында ең ауқымды мәселелердің бірі жеке табыс салығының мөлшерлемесін есептеуге қатысты мәселелер болып отыр.

Қазақстан Республикасында қазіргі таңда пропорционалды салық салу әрекет етіп отыр. Пропорционалды салық салу – салық салу ставкалары табыстың көлеміне байланыссыз салық төлеушінің табысына бірыңғай пайызда бекітілетін салық салу жүйесі. Біздің мемлекетте ҚР Салық кодексінің 158-бабына сәйкес салық төлеушінің табыстары 10 % ставкасы бойынша салық салынады [1].

Жеке тұлғалардың салық салу мәселелерінің күрделілігі мен сан қырлылығы зерттелетін экономикалық үдерістің жағдайын, құрылымын және динамикасын зерттеудің қазіргі әдістерін қолдану маңыздылығын анықтайды. Оларды қолдану мемлекеттің салықтық саясатын түзету бойынша шешімдерді дер мезгілінде және жедел қабылдауға, салық жүйесін, салықтық және құқық қорғау органдарының қызметтерін жетілдіру бойынша шараларды өңдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет жеке табыс салығы мен әлеуметтік аударымдарды қолдана отырып, өзінің әлеуметтік-экономикалық мақсаттарын жүзеге асыруға ұмтылады:

- тұрақты экономикалық өсім;
- еңбекке қабілетті халықтың толық жұмысбастылығын қамтамасыз ету;
- халық табыстарының белгілі бір ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету;
- азаматтардың әлеуметтік қорғау жүйесін құру;
- табысты, байлықты қайта бөлу.

Жеке табыс салығы мемлекеттің бюджеттік жүйесінің табысты бөлігін қалыптастыратын ең маңызды арналарының бірі болып табылады және оны есептеуде елдің экономикалық белсенді халқының барлық топтарының қызығушылықтары ескеріледі.

Қазіргі уақытта жеке табыс салығының қай ставкасы: тікелей немесе үдемелі тиімді және әділ деген сұрақтарын экономистер, саясаткерлер, әлеуметтанушылар талқылауда. Және тек дамушы елдерде ғана емес, Канада, АҚШ сияқты дамыған елдерде де бұл сұрақ тұр. Салықтың тікелей шкаласы әрдайым бірінші кезекте, кедейге қарағанда, байларға тиімді екенін ескеру қажет. Әрине, ақшалай баламада, байлардың табысынан 10 % ондаған мың доллар сомасында болуы мүмкін. Бірақ 10 % төлеу, әрине, 20, 30 немесе 40 % қарағанда, жеңіл және «өте қиын емес».

Америкалық ғалымдар салық салудың үдемелі шкаласын қолдайды: адам бай болған сайын және оның табысы жоғары болған сайын осыған сәйкес салықтарды да төлеу қажет; ал орыс ғалымдары Ресейде жеке тұлғалардың табыстарына салық салу жүйесінде салық төлеушінің салықты төлеу қабілеттері қаншалықты экономикалық негізделгені және ескерілгендігі туралы мәселесін зерттей отырып, салық салудың бірыңғай ставкасын қолдану салықтық ынталандыру сипатын бұрмалауға әкеледі деген қорытындыға келді. Жеке табыс салығының үдемелі шкаласы әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қоғамда табыстарды қайта бөлудің аса ұтымды жүйесін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Қазақстанның салық салу тарихында жеке табыс салығын салу төңірегіндегі салықтық саясат қарқындарын білу оны болашақта сауатты қалыптастыру мен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда салық салудың өзгеру қарқыны мен тұрақты жетілдірілуі жағдайында шетелдік тәжірибені зерттеу аса маңызды орын алады. Әр түрлі мемлекеттердің жеке табыс салығының тетігін, есептелуін және төленуін қолдану бойынша шетелдік тәжірибесін қарастыра отырып, дамыған елдердің тәжірибесіне көңіл бөлген жөн. Экономикасы дамыған елдерде барлық салықтар, әсіресе жеке табыс салығы, елдің экономикалық және әлеуметтік саясатын мемлекеттік реттеудің ең тиімді қаруы ретінде қолданылады.

Мысалға алсақ, дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, басқа салықтарға қарағанда, жеке табыс салығы үшін салық салу субъектісі нақты таңдалуы мүмкін:

- табысы бар әр жеке тұлға;
- ерлі-зайыптылар жұбы (бірге салық салу);
- ерлі-зайыптылар жұбы (жеке салық салу);
- бірге тұратын және бір шаруашылық жүргізетін тұлғалардың тобы («күрделі жанұя», немесе «үй шаруашылығының табысы»).

Сонымен, шет елдерде салық салу субъектісі жеке тұлға да, тұлғалардың топтары да болуы мүмкін. Бірақ ЕО елдерінде, Австрия, Ұлыбритания, Дания, Италияда салық салу субъектісі болып жеке тұлға табылады, ал АҚШ, Германия, Испания, Норвегияда ерлі-зайыптылар бірге және жеке салық салу арасында таңдау құқығы бар.

Қазақстанда және ТМД елдерінде мұндай тәжірибе жоқ, бірақ жанұялық салық салуды енгізу салық жүйесін, әлеуметтік және экономикалық жағынан да дамытар еді. АҚШ-та салық салу субъектісіне байланысты жеке табыс салығының ставкасы 4 топқа бөлінеді: жанұялық салық салу; жанұялық жеке салық салу; жеке тұлғаға және үй шаруашылығын басқарушыға. Мұндай топтарға бөлу мөлшерін ставкаларын, нақтырақ айтсақ, жанұялық жұпқа тиімді ставкалар, қолдануға мүмкіндік береді.


Қазақстанда жеке табыс салығын ұстау төлем көзінен (салықтар табыс есептелгенде ұсталады) жүргізіледі. Өзіне салық салу да (салық төлеуші өзі декларация толтырып, салық төлеу) бар, бірақ мемлекеттік органдардың жұмыскерлері үшін ғана.

Жапонияда жеке тұлғалардан жеке табыс салығын ұстау шкаласы өте қызық. Орталық бюджет үшін төлемнің бес бөлімдері бар (10, 20, 30, 40 және 50 %); сонымен қатар жергілікті бюджетке 5, 10

және 15 % мөлшерінде ставкалары бойынша төлейді. Бұдан басқа, Жапонияның 18 жастан асқан барлық азаматтары орталық бюджетке жыл сайын 3200 иена (немесе ағымдағы жылдың бағамы бойынша 24 долл.) төлеуге міндетті.

Қазақстандық заңнама жеке тұлғалардың табыстарына салықты есептеу кезінде шегерімдер мен жеңілдіктер жүйесін құрудың теориясы мен әлемдік тәжірибесін аз дәрежеде болса да ескерді. Қазақстанда шегерім көлемі салық төлеуші үшін мәнді реттеушілік маңызы жоқ, баласы бар және жоқ жанұялар үшін тұтынудың лайықты дифференциациясын қамтамасыз етпейді.

Жеке тұлғаның салық агентінен алған, төлем көзінен салық салынатын табыстың құрамы төмендегі суретте келтірілген.



Сурет. Табыстың құрамы

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес, жеке табыс салығының салық салу объектілеріне келесілер жатады: төлем көзінен салық салынатын табыстар және төлем көзінен салық салынбайтын табыстар түріндегі табыстары (1-кесте).

1 - кесте

Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын салу объектілері

Төлем көзінен салық салынатын табыстар	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстар
1	2
1) Қызметкердің табысы	1) Мүліктік табыс
2) Жеке тұлғаның салық агентінен түсетін табыстары	2) Жеке кәсіпкер табысы
3) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері	3) Жеке нотариустар, жеке сот орындаушыларының және адвокаттардың табыстары
4) Дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыс	4) Өзге де табыстар, Қазақстан Республикасынан тыс алынғандарды қоса

1	2
5) Стипендиялар	
6) Жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыс	

Ескерту. Авторлармен [1] қайнар көзінің негізінде құрастырылған.

Мұндай саралау салықты әр түрлі алу тәртібін қарастырады. ҚР Салық кодексіне сәйкес, заңды тұлғаны құрмай, кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғалармен азаматтық-құқықтық сипаттағы келісім-шарт жасасқанда төлем көзінен салықты дер мезгілінде есептеу мен ұстау бойынша салық агентінің міндеттері жұмыс берушіде қалыптасады. Солар бюджетке салықты аударуды жүзеге асырады.

Жеке тұлғалардың табысына салынатын салық корпорациялық табыс салығы мен қосылған құн салығымен қатар, мемлекеттік бюджетті қалыптастырудың басты көздерінің бірі болады (2-кесте).

2 - кесте

ҚР Мемлекеттік бюджетіне түсетін салықтық түсімдердің құрылымы, %

Салықтық түсімдер	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
Корпоративтік табыс салығы	29,2	28,8	26,4	26,3	23,5	24,3
Жеке табыс салығы	12,1	10,9	9,3	10,3	11,1	10,1
Әлеуметтік салық	10,3	8,6	7,1	6,8	8,4	8,0
Қосылған құн салығы	23,2	22,9	22,2	21,8	22,3	23,4
Өзге де салықтар	25,2	28,8	35,0	34,8	34,6	34,2

Ескерту. Авторлармен [2] қайнар көзінің негізінде құрастырылған.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес, ЖТС жергілікті бюджет бойынша (облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала бюджеті, аудан бюджеті, облыстық маңызы бар қала бюджеті) салықтық түсімдеріне жатады.

ҚР жергілікті бюджетке жеке тұлғалардың кірісіне салықтардың келіп түсуін талдау, оның үлесі мәндірек екенін көрсетті. Соңғы жылдары ЖТС бойынша салықтық базаның айтарлықтай өсуі аймақтың бюджеттік жүйесіндегі рөлін едәуір жоғарылатты (3-кесте).

3 - кесте

ҚР Жергілікті бюджетке салықтық түсімдердің құрылымы, %

Түсімдер баптары	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
Салықтық түсімдер, барлығы	100	100	100	100	100	100
Жеке табыс салығы	34,6	36,7	38,3	38,5	38,6	38,6
Әлеуметтік салық	29,9	29,8	30,3	30,5	29,2	30,0

Ескерту. Авторлармен [2] қайнар көзінің негізінде құрастырылған.

Осылайша, Қазақстанның жергілікті бюджеттері кірістерінің ішінде ЖТС үлесі 2015 ж. 2010 ж. қарағанда 4%-ға өсіп, 38,6 %-ды құраған (2010 ж. ЖТС үлесі аймақтардың кірістерінің 34,6%-ын құрады) және бұл салыққа жергілікті бюджеттерді қаржыландырудың басты өзіндік көзінің орнына бекітті.

ҚР Қаржы министрлігінің мәліметтері бойынша, жалпы жеке тұлғалардың табысына салық пен әлеуметтік салық ҚР жергілікті бюджеттері табыстарының негізгі бөлігін қалыптастырады.

Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықты есептеу бірқатар жылдарда өзгеріп отырды, мысалға, 2002–2006 жж. салықты есептеу салық мөлшерлемелерінің өзгеруіне, айлық есептік көрсеткішке байланысты болды. 2002–2006 ж. кезеңінде салық салудың үдемелі шкаласы қолданылды. Ол 5%-дан 20%-ға дейін құбылды, әлеуметтік салықты есептегенде кемімелі шкала

20%-дан 7%-ға дейін, шетел мамандарынан 11%-дан 5%-ға дейін қолданылды, 2007 жылдан бастап, қазіргі күнге дейін жеке табыс салығы бойынша 10 % және әлеуметтік салық бойынша 11% есептелді. Бұл өзгерістер 4,5-кестелерде келтірілген.

Жоғарыдағыларды ескере отырып, 2002–2016 ж. аралығында салықтық заңнамадағы салықтық мөлшерлемелерге қатысты өзгерістердің динамикасына талдау жасалған. 4-кесте мәліметтері салық мөлшерлемелерінің кезеңдік төмендеуін сипаттайды.

4 - кесте

Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықтың салықтық мөлшерлемелерінің өзгеруі

Жылдар	Жеке табыс салығы, %	Әлеуметтік салық, %
2002–2006	5%-дан 20%-ға дейінгі үдемелі шкаламен	20%-дан 7%-ға дейінгі кемімелі шкаламен, шетелдік мамандардан 11%-дан 5%-ға дейін
2007	10	20%-дан 7%-ға дейінгі кемімелі шкаламен, шетелдік мамандардан 11%-дан 5%-ға дейін
2008	10	13%-дан 5%-ға дейін кемімелі шкаламен
2009–2016	10	11

Ескерту. Авторлармен [1] қайнар көзінің негізінде құрастырылған.

Еңбек нарығының көрсеткіштерінің алдыңғы кезеңге өсімше қарқындары қарастырылған. Келтірілген мәліметтерден көріп отырғандай, олардың сомасы нақтылы осы кезеңдердегі жеке табыс салықтарының келіп түсулерінің өсімше қарқындарына сәйкес келеді.

5 - кесте

ЖТС өзгерісіне әсер ететін факторлар, алдыңғы кезеңге өсімше қарқыны, %

Көрсеткіштер	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
Жұмысбасты халық саны	2,0	3,1	3,0	0,6	2,7	2,3	2,5	0,7	-0,7	1,3
Жалдамалы жұмыскерлер	2,9	4,1	4,5	0,8	3,3	3,2	4,2	2,3	2,7	3,0
Орташа жалақы	19,8	28,7	15,9	10,7	15,3	16,0	12,5	7,8	10,9	4,1
ЖТС келіп түсулері	34,17	33,93	20,96	0,51	16,23	20,46	1,1	8,1	16,8	21,4

Ескерту. Авторлармен [3] қайнар көзінің негізінде құрастырылған.

Жоғарыдағы 5-кестеден көріп отырғандай, соңғы жылдары ЖТС рөлі біршама жоғарылаған, жыл сайын өсіп келе жатыр. Ең аз өсімше 2009 ж. 0,51 % болды, бұл елдегі экономикалық дағдарыспен, сонымен қатар 2009 ж. мұнайға әлемдік бағалардың төмендеуіне тікелей байланысты табиғи ресурстарды өндіруге салықтардың келіп түсулерінің азаюына байланысты болды.

Жеке тұлғалардың табысына салық, салық төлеуші тарапынан оның әл-ауқатын төмендететін себептердің бірі болып табылады, өйткені бұл оның табысының азаюына әсер етеді және нарықтық игіліктерді тұтыну мүмкіндігі төмендейді. Жеке тұлғалардың төленген салығы қоғамдық игіліктердің орнын толтырмайды, яғни кері байланыс байқалмайды, сондықтан санадан тыс деңгейде салық төлеушіде ЖТС әл-ауқатын нашарлата отырып, мемлекет пайдасына қаражаттарды аудару деген әсер пайда болады. Сонымен қатар жеке табыс салығын есептеуге ең төменгі жалақының өзгеруі тікелей әсер етеді. Ең төменгі жалақының өзгеруін 6-кестеден көруге болады, онда Қазақстандағы және соңғы бесжылдықтағы ең төменгі жалақының адам басына шаққандағы орташа жалақысына пайыздық ара қатынасының өзгерісінің динамикасы келтірілген.

Дамыған елдердегі ең төменгі жалақы туралы айтатын болсақ, олар ең төменгі жалақының орташаға ара қатынасын 60 %-дан кем емес деңгейде ұстап тұруға тырысады, бірқатар мемлекеттерде бұл көрсеткіш ұсынылатын 68 % шегінен жоғары.

Жеке табыс салығы үшін салық салатын базасын есептегенде жұмыскердің есептелген табысынан міндетті зейнетақы жарналарының сомасы, ең төменгі жалақы сомасы және ҚР СК 166-бабымен қарастырылған басқа да шегерімдер шегерілу керек. Бұл есептеу 2007 жылдан бастап қолданыла бастады, (1) формула келесі түрде өрнектеледі:

$$CCT = ET - MЗЖ - ETЖ, \quad (1)$$

мұндағы CCT — төлену көзіне салық салынатын жұмыскердің табысы; $MЗЖ$ — жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары; $ETЖ$ — ең төменгі жалақы.

ЖТС мөлшерлемені салық салынатын базаға көбейту жолымен есептеледі: (2) формула бойынша:

$$ЖТС = CCT \times 10\%. \quad (2)$$

6 - к е с т е

Қазақстандағы ең төменгі жалақының адам басына шаққандағы орташа жалақысына пайыздық ара қатынасының өзгерісі динамикасы

Жылдар	Ең төменгі жалақы, айына	Орта жылдық жалақы, тг	Ең төменгі жалақының орташасына қатынасы, %
2010	14952	77611	19,3
2011	15999	90028	17,8
2012	17439	101263	17,2
2013	18660	109141	17,1
2014	19966	121021	16,5
2015	21364	125335	17,0

Ескерту. Авторлармен [3] қайнар көзінің негізінде құрастырылған.

Салық кодексінің 166-бабының 1-тармағының 1), 3) – 6) тармақшасына сәйкес, салықтық шегерімге құқық салық төлеушіге онымен берілген өтініш негізінде жұмыс берушілердің біреуінен ғана алынатын табыстар бойынша ұсынылады [1].

Қазақстандағы жеке салық салу сұрағындағы күрделі мәселелердің бірі – тәжірибеде табыстарды шегеруді жеткілікті қолданбау. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес күнтізбелік жылдағы әрбір айға төлемдердің кезеңділігіне қарамастан, келесідей салықтық шегерімдер қолданылады (166-б. «Салық шегерімдері»):

1) «Республикалық бюджет туралы» ҚР Заңындада белгіленген және табысты есепке жазу күні қолданыста болатын ең төменгі жалақы мөлшеріндегі, табыс есебіне жазылатын тиісті айдағы сома. Бір жылдағы салық шегерімінің жалпы сомасы «Республикалық бюджет туралы» Заңда белгіленген және ағымдағы жылдың әрбір айының басында қолданыста болатын ең төменгі жалақы мөлшерінің жалпы сомасынан аспауға тиіс;

2) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мөлшердегі міндетті зейнетақы жарналарының сомасы;

3) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес өз пайдасына енгізілетін ерікті зейнетақы жарналарының сомасы;

4) жеке тұлғаның жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша өз пайдасына енгізетін сақтандыру сыйақыларының (егер шартта сақтандыру сыйақыларын бөліп төлеу көзделген жағдайда – мерзімдік сақтандыру жарналарының) сомасы;

5) Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінен алған қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге бағытталған сомалар;

6) осы баптың 6-тармағында белгіленген мөлшерде және шарттарда медициналық қызметтерге (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) ақы төлеуге жұмсалатын шығындар [4].

Осылайша, салық реформаларының мақсаты экономиканы бұзу емес, Қазақстанның жасампаздық үдерісі, ұлттық байлықты күшейтуі, оның халқының әл-ауқатын жоғарылатуы болуы керек. Салық саясаты көп дегенде қоғамның экономикалық дамуының деңгейіне және ондағы қалыптасатын жаңа экономикалық қатынастардың сипатына, елдің даму стратегиясына жауап беруі

кажет. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, экономикалық өсімде бастысы ұлттық және халықаралық тауар өндірушілер үшін өндіріске инвестициялауға жағымды жағдай жасау, халықаралық экономикалық қарқындарды пайдалану және тиімді қолдану.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) // Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99-IV Салық кодексі. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.adilet.zan.kz
- 2 Статистикалық бюллетень. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.minfin.gov.kz
- 3 Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.stat.gov.kz
- 4 Барышева С.К. Проблемы и перспективы исчисления индивидуального подоходного налога // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Экономика. — 2016. — № 2(82). — С. 169–176.

Л.А. Темирбекова, М.Б. Садуакасова, М.С. Бердиходжаева

Индивидуальный подоходный налог как объект налогообложения

В статье рассмотрены основные проблемы индивидуального подоходного налога по опыту зарубежных стран и Республики Казахстан. Исследованы различия в исчислении индивидуального подоходного налога в Казахстане и за рубежом. Индивидуальный подоходный налог с физических лиц, наряду с корпоративным подоходным налогом, налогом на добавленную стоимость, является одним из главных источников формирования государственного бюджета. История изменения ставок индивидуального подоходного налога и социального налога рассмотрена с начала обретения независимости. Доход физического лица от налогового агента, состав дохода, облагаемого у источника выплаты, рассмотрены в соответствии с действующим Налоговым кодексом Республики Казахстан. В соответствии с Кодексом определены объекты налогообложения подоходным налогом. По данным агентства по статистике проанализированы состав и динамика поступлений налогов в государственный бюджет страны и сделаны соответствующие выводы. В разные годы менялась методика расчета исчисления индивидуального подоходного налога и социального налога. На расчет индивидуального подоходного налога непосредственное влияние оказывает изменение минимальной заработной платы. В статье рассмотрено изменение минимальной заработной платы в Казахстане за последние годы. В вопросах индивидуального подоходного налога в Республике Казахстан одним из достаточно сложных вопросов является недостаточное использование на практике вычета доходов.

Ключевые слова: налогообложение, индивидуальный подоходный налог, вычеты, минимальная заработная плата, доход физического лица, прогрессивная шкала, государственный бюджет, социальные отчисления, налоговый режим.

L.A. Temirbekova, M.B. Saduakassova, M.S. Berdihojayeva

Individual income tax as the object of taxation

The article deals with the basic problems of individual income tax from the experience of foreign countries and the Republic of Kazakhstan. The authors studied the differences of individual income tax calculation in Kazakhstan and abroad. The authors reviewed the history of rate changes of individual income tax and social tax. The income of an individual from a tax agent, the income taxable at source of payment dealt with in accordance with the current Tax code of the Republic of Kazakhstan. In accordance with the Code defined by objects of taxation income tax. According to the Statistics Agency analyzed the structure and dynamics of tax revenues to the state budget of the country and made the appropriate conclusions. In different years has varied the calculation method of the calculation of the individual income tax and social tax. The calculation of the individual income tax has a direct affect change in the minimum wage. The article describes the change of minimum wage in Kazakhstan in recent years. In matters of individual income tax in the Republic of Kazakhstan is one of the complicated issues is the insufficient use in practice of the net income.

Keywords: tax, individual income tax, deductions, minimum wages, income of an individual, a progressive scale, the state budget, social security contributions, tax regime.

References

- 1 *On Taxes And Other Obligatory Payments Into The Budget (Tax Code)Code of the Republic of Kazakhstan dated December, 10, 2008 No. 99-IV7, www.adilet.zan.kz*
- 2 *Statistical bull., www.minfin.gov.kz*
- 3 *The main socio-economic indicators of the Republic of Kazakhstan, www.stat.gov.kz*
- 4 Barysheva S.K. *Bull. of the Karaganda University. Economy Ser.*, 2016, 2(82), p. 169–176.

Репозиторий Қарғу